

Н.Н. Елкей 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: muzlife.nbek@mail.ru)

Хайретдин Болғанбаевтың Петропавлдағы қоғамдық-ағартушылық қызметі

Тарихтағы тұлғаның рөлін зерттеу тарих ғылымының өзекті міндеттерінің бірі. Жеке әлеуметтік топтың, қауымдастықтың, мүліктің, елдімекеннің және тұтастай алғанда елдің өміріндегі өзгерістердің артында әрқашан нақты адамдардың идеялары мен әрекеттері болады. Олардың әлеуметтік белсенділігі қоғам үшін маңызды процестердің көпшілігінің қозғаушысы. Сонымен қатар өмірі мен іс-әрекетінің объективі арқылы оқиғаның жалпы ағымының эпизодтары да ашылады. XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында ағартушылық қозғалыстың жаңа толқыны қалыптасты. Олардың қызметінің басты ерекшелігі — ағарту міндеттерінің қазақ халқының ұлттық ояну идеяларымен байланысы. Жаңа буржуазиялық формацияның ағартушылары ұлттық білім беруді, тіл мен мәдениетті сақтауды жақтады. Осыған байланысты бұл мақалада мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының белсенді мүшесі — Хайретдин Болғанбаевтың қоғамдық-ағартушылық қызметі қарастырылған. Автор Х. Болғанбаевтың Петропавл қаласындағы Губерниялық халыққа білім беру бөлімінің орынбасары, педтехникум оқытушысы және партиялық мектептің оқытушысы ретіндегі ағартушылық қызметіне назар аударған. Мақалада XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы Петропавлдағы Х. Болғанбаевтың қоғамдық-ағартушылық қызметі қазақ халқының бірігуіне және нығаюына ықпал етті деген қорытынды шығарылған.

Кілт сөздер: тарихи тұлға, XX ғасырдың басындағы ағартушылық қызмет, Хайретдин Болғанбаев, Қазақстан тарихы, қазақ зиялылары, қазақ қоғамы, білім беру.

Kipicne

Қазақ халқының, оның ұлттық тәуелсіздігінің келешегі де, тағдыры да оқу-біліммен, ғылыммен тікелей байланысты екендігі ешқашанда дау тудырмайды. Сондықтан, оқу-оқыту, білім беру тарихы да үнемі зерттеліп, зерделеніп отыруды қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі. Себебі, қоғам дамуының әр кезеңдерінде уақыт талабына сай үнемі жаңарып отыратын оқу-ағарту, білім беру ісінің ерекшеліктерін сараптау арқылы ғана, қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі, осы саладағы ұлт алдында тұрған міндеттерді дұрыс шешуге мүмкіндік береді. Оқыту, білім беру ісіндегі өзіндік ерекшеліктерге толы кезеңдердің бірі — XX ғасырдың басы саналады. Өзімізге белгілі, Халық Ағарту Комиссариаты 1920 жылы құрылып, оған ұлт зиялыларының белсенді тобы енді. Бұл жөнінде академик К. Нұрпейісов: «Жиырманшы жылдардың басында ұлттық демократиялық зиялыларының жекелеген белгілі қайраткерлері Қазақстан мен Түркістан АКСР-ң мемлекеттік басқару жүйесінде жауапты қызметтер атқарды. Мәселен, А. Байтұрсынов Қазақ АКСР-ң алғашқы Халық Ағарту Комиссары болса, М. Әуезов республиканың Орталық Атқару Комитетінде жауапты жұмыста болды. Алаш қозғалысының бұрынғы белсенділерінің айтарлықтай тобы ҚазАКСР мен Түркістан АКСР-ң республикалық, губерниялық және уездік деңгейлерінде жауапты қызметтер атқарды. Осындай адамдардың ықпалымен Алаш қозғалысының мүшелері баспасөз, оқу-ағарту, ғылым, өнер жүйелерінде жетекшілік етуге тиісті орындарда шешуші буынды басқарды», — деп көрсетті [1; 89-90]. Демек, Алаш қайраткерлерінің Кеңес үкіметінің ағарту жүйесіне тартылуы большевиктердің мәдени саладағы қайта құруларын орындау үшін қажет болғандығын айғақтайды. Кеңес үкіметінің жалпы ағарту мәселесіне байланысты алғашқы қадамы 1920 жылдың 26 тамызында Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті және РКФСР Халық Комиссарлар Комитетінің В.И. Ленин мен М.И. Калинин қол қойған «Қазақ Автономдық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» қабылдаған декреті болды. Аталған декретті дайындауға А. Байтұрсынов қатысып, оның белсенді мүшелерінің бірі болған. Ал 1920 жылы 4 қазанда Орынборда ашылған Қазақ АКСР Кеңестерінің құрылтай съезінде «Қазақ АКСР еңбекшілері құқықтарының декларациясы» қабылданды, онда еңбекшілердің қолын білімге шын мәнінде жеткізу үшін жұмысшыларға, кедейлер мен бүкіл еңбекші

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: muzlife.nbek@mail.ru

қазақ халқына тегін оқып, жан-жақты білім алуға мүмкіндік беру мәселесі қарастырылды. Осы орайда, XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқан білімділік деңгейімен ерекшеленген Алаш зиялылары ұлттың болашағы үшін қызмет еткені белгілі. Осылардың қатарында оқу-ағарту ісіне ерекше үлес қосқан Хайретдин Болғанбаев еді. Бұл жөнінде Х. Болғанбаевтың қызы Гүлнардың өз естелігінде «Әкем Хайретдин Болғанбаев Қазақстанда білім рухын шашқан ұлт ардақтысы деп мақтан тұтсақ та артықтық емес. Соның айғағы ретінде оның Ақмола, Петропавлда халыққа білім беру бөлімдері меңгерушісінің орынбасары, Петропавлда кеңес партия мектебінде, Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданындағы зооветтехникумда оқытушы болғандығын айтсақ та жеткілікті» [2] деп атап көрсетеді. Осыны ескерсек, аталмыш мақаланың негізгі мақсаты — Хайретдин Болғанбаевтың қоғамдағы оқу-ағарту саласы бойынша қызметін зерттеу және оған баға беру.

Материалдар және зерттеу әдістері

Мақаланың деректік негізін Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі қорының (№ 20-қор, № 46-іс) материалдары құрайды. Бұл қорда Х. Болғанбаевтың қызметкерлік жеке парағы, 1937 ж. 21 қарашадағы Алматы облысының КСРО Ішкі істер министрлігінің Халық комиссариаты хаттамасының үзіндісі сақталған. Сонымен бірге, аталған қорда Х. Болғанбаевтың 1918 ж. 15 наурызда «Бірлік туы» газетінің 25-санында жарық көрген «Тұла бойлары қан сасиды» деп аталатын мақаласы және оның еңбек қызметі туралы құнды материалдар, қызы Гүлнардың естелігі бар. Зерттеудің деректік материалдарын Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің 2-қор 1-тізімінің 375 және 379, 415, 493-ші істері құрады. Бұл құжаттарда Петропавл ауыл техникумының және мектеп кеңестерінің хаттамалары, 1926-1927 жж. жылдық есептері, мұғалімдердің, соның ішінде Х. Болғанбаевтың жүргізген сабақтары т.б. туралы мәліметтер сақталған.

Атап өту қажет, Х. Болғанбаевтың оқу-ағарту саласындағы қызметін жан-жақты қарастырған зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Дегенмен, Д.Т. Кемелов өзінің монографиясында КСРО Ішкі істер халықтық комиссариатының архив құжаттарының негізінде Х. Болғанбаевтың қоғамдық қызметіне тоқталған [3]. Егерде, XX ғ. басындағы Қазақстандағы оқу-ағарту және білім беру ісі туралы қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде де біршама қарастырылғандығын атап өту қажет. Мысалы, Т. Амандосов [4], Б. Кенжебаев, Т. Қожакеев [5], С. Имашев [6], Х. Бекхожин [7] өздерінің зерттеу жұмыстарында қазақ баспасөзі көтерген тақырыптарды қарастыра келе, оқу-ағарту мәселелеріне де назар аударған. Сонымен бірге, З.Т. Садуақасова, С.Қ. Жакыпбек [8] сияқты авторлар патша өкіметінің Қазақстандағы оқу, оқыту арқылы орыстандыру саясатының тарихын зерттеген. Авторлар архив құжаттарының негізінде патша үкіметінің халық ағарту саласындағы реакциялық саясатын әшкерелеген. Осы мәселеге Ә. Омаровтың 1997 жылы жарық көрген «Қазақстандағы ағарту ісі және патша өкіметінің отаршылық саясаты» атты кітабы да арналған [9]. Келесі бір зерттеушілер Ө. Әбдіманапов [10], Қ. Аллаберген [11] Алаш зиялыларының оқу-ағарту мәселесіне көзқарастарын зерттеген, қазақ тілінде шығып тұрған ресми және бейресми мерзімді басылымдардағы оқу-ағарту материалдары жаңаша, ұлт мүддесі тұрғысынан зерделенген. Аталған зерттеу жұмыстары жалпы XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының, соның ішінде Х. Болғанбаевтың оқу-ағарту саласындағы көзқарастарын анықтауға мүмкіндік береді.

Х. Болғанбаевтың Петропавл қаласындағы оқу-ағарту саласындағы қызметін анықтау барысында тарихилық, объективтілік және жүйелілік принциптері негізге алынды. Аталған принциптер Х. Болғанбаевтың қызметін тарихи тұрғыдан жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік берді. Тақырыпты зерттеу барысында тарихи-биографиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс оның қатаң тоталитарлық жүйе жағдайындағы өмірлік жолы мен қызметін қарастыруға мүмкіндік берді. Х. Болғанбаевтың оқу-ағарту қызметі жөнінде мағлұматтар сақталған Петропавлдағы педтехникумның жылдық есептерімен жұмыс жасауда мәтіндік талдау әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс архив құжаттарын өзара салыстыра зерттеуге мүмкіндік берді. Архив құжаттарынан тарихи жазба дерек көзі ретінде ақпарат алудың маңызды әдісі — контент-талдау әдісі қолданылды. Аталған әдіс құжаттардың, соның ішінде Петропавлдағы педтехникумның жылдық есептерін, оқу жоспары мен мұғалімдерге бөлінген сағат жүктемелерін талдауға негіз болды.

Талқылау және нәтижелері

Қазақстанда Кеңес үкіметі орнағаннан соң атқарылуға тиіс істердің арасында оқу-ағарту мәселесі алдыңғы кезектердің біріне қойылды. Большевиктік биліктің бұрынғы Ресей империясының барлық аймақтарында орнатылып болмағандығына қарамастан 1917 ж. 9 қарашасында РСФСР Халық Ағарту Комиссарлары Кеңесінің «Халық ағарту істерінің мемлекеттік комиссиясын құру туралы» В.И. Ленин қол қойған декреті жарияланды. Бұл комиссияға бұрын Халық ағарту министрлігі атқарып келген қызметтің бәрі жүктелді. Осылайша халық ағарту жүйесін революциялық жолмен қайта құру шаралары бастады. Халық ағарту ісін революциялық негізде қайта құру 1918 ж. басынан бастап одан әрі жалғастырылып, бірқатар аса маңызды құжаттар қабылданды. Атап айтқанда, 1918 ж. 21 қаңтарында РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Дінді мемлекеттен, мектепті діннен бөлектеу туралы» декрет қабылдады. Бұл декретті орындай отырып мемлекеттік комиссия өзінің 1918 ж. 18 ақпандағы «Дүниелік білім беру мектебі туралы» қаулысы бойынша мемлекеттік және жеке меншікті мектептердің бәрінде дін сабағын оқытуға, онда діни ғибадат парындарды атқаруға тиым салды. 1918 жылы 31 мамырда Ағарту халық комиссариаты ер балалар мен қыз балаларды бірге оқыту туралы қаулы шығарды.

Атап өту қажет, оқу-ағарту ісін түбегейлі қайта құруда 1918 ж. 16 қазанындағы «РСФСР-дің бірыңғай еңбек мектебі туралы ережесінің» және «Бірыңғай еңбек мектебінің негізгі принциптері» үндеуінің маңызы зор болды. Бұл құжаттарда кеңестік еңбек мектебінің негізгі принциптері мен ұйымдастыру негіздері баяндалды. Халық ағарту мәселелері туралы Кеңес өкіметі қабылдаған директивалар бір жүйеге келтірілді. Бұл директиваларда мектептің міндеттері мен құрылымы, сондай-ақ РСФСР-дің бірыңғай кеңес еңбек мектебіндегі оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастыру жүйесі белгіленді. Ереже бойынша еңбек мектебінің екі басқыштағы жүйесі бекітілді. I-басқыш — оқу мерзімі бес жыл, 8 жастан 13 жасқа дейінгі балаларға арналған; II-басқыш — оқу мерзімі төрт жыл, 13 жастан 17 жасқа дейінгі балаларға арналған [12; 53].

1920 жылдың 4-12 қазаны аралығында Орынбор қаласында Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының I Кеңестер съезі болып өтті. Съезд нәтижесінде, 1920 жылдың 12 қазанында құрылған комиссариаттардың бірі, әрі мемлекеттік құрылыс барысында атқарған жұмыстарының маңыздылығы жағынан, жалпы Қазақстанның кеңестік кезең тарихында ерекше орын алған комиссариат — Халық Ағарту Комиссариаты болды. Халық Ағарту Комиссариаты мемлекеттік билік органы ретінде, 1920–1940 жж. аралығында толықтай дерлік мемлекеттің мәдени-гуманитарлық салаларының жұмыстарын өз бақылауында ұстады [13].

Бұл кезеңде оқу орындарын оқу құралдарымен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болды. Сондықтан Халық Ағарту Комиссары және Қазақ АКСР Мемлекеттік баспасының редакция коллегиясының мүшесі ретінде бірінші және екінші басқыш мектебі үшін оқулықтарды қазақ тіліне аудару және құрастыру мәселесін көтерген кеңейтілген мәжілісін Орынборда өткізеді. Мәжіліске С. Айтхожин, Ж. Аймауытов, Ә. Бөкейханов, Х. Болғанбаев, Ф. Ғалымжанов, Е. Омаров, С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, Б. Сарсенов қатысқан. Мәжілісте А. Байтұрсынов әлі күнге дейін мектептің бірінші және екінші басқыштары үшін қазақ тілінде оқулықтардың жоқтығын, ал қолдағы бар оқулықтар мектептің бірінші басқышының бірінші, екінші, үшінші топтарына ғана жарайтынын айта келіп, бірінші және екінші басқыш үшін қазақ тілінде оқулықтар жазу және құрастыруда шұғыл шаралар қолдану қажеттілігін басып айтты. А. Байтұрсынов оқу-ағарту саласын дамытуда өзекті екі мәселені айқындады: біріншіден — оқулықсыз оқу ісін алға бастырту мүмкін еместігін; екіншіден — мәжіліске қатысқан қазақ зиялылары қауымының ішінде маңдай алды ғалымдарын іріктеп алуы. Жұмысты іске асыру үшін мынадай қаулы қабылдаған: «жоғарыда аты аталған ғалымдарды аударма ісіне тарту; бұл мақсатқа қол жеткізу үшін М. Жұмабаев, С. Мұстафин, К. Кемеңгеров, М. Тұрғанбаев сияқты оқулық жазғысы келген азаматтарды пайдалану; бірінші, екінші біріккен еңбек мектебі бағдарламасына сай келетін көрсетілген оқулықтарды қазақшаға аудару; арифметика, алгебра, геометрия, география, жаратылыстану, жалпы тарих және қазақ тарихы, мектеп гигиенасына және аталған пәндер бойынша оқу әдістемелерін қоса дайындап, педагогика мен дидактика, оқу хрестоматиясы, синтаксис және қазақ тілінің сөйлеу теориясын; 3-пунктке қазақ мектебінің бірінші, екінші басқышына арналған пәндер бойынша қазақ тілінде оқулықтарды құрастырып жазуды төмендегі зиялы азаматтарға жүктелсін: арифметиканы — Тұрғанбаев; геометрияны — Б. Сарсенов; жаратылыстануды — Е. Омаров пен Кемеңгеров; физиканы — Ғалымжанов; жағрапияны — Ә. Бөкейханов; Қазақстан тарихын — Болғанбаев; мектеп тазалығын — Тілеулин; бастауыштың

алгебрасын — Е. Омаров; педагогиканы — М. Жұмабаев; дидактиканы — Ж. Аймауытов. Бұл пәндер бойынша оқулықтарға арнап әдістемелерді құрастыру аты аталған азаматтарға тапсырылсын. 4-пункт бойынша оқуға арналған кітаптар, хрестоматиялар, қазақ тілінің синтаксисі мен қазақ тілінің сөз теориясын дайындау төмендегі зиялы азаматтарға жүктелсін: хрестоматия — С. Сейфуллин мен Ж. Аймауытовқа; қазақ тілінің синтаксисі — А. Байтұрсынов; сөз теориясы — М. Жұмабаевқа. Ересектер үшін хрестоматия құрастыру Ж. Аймауытов пен С. Сәдуақасовқа тапсырылсын» [7; 29]. Көрсетілген оқулықтар мен аудармаларды 1-ші маусымға дейін бітіру керек деп ескерткен. Көріп отқанымыздай, Халық Ағарту Комиссариаты тарапынан Х. Болғанбаевқа Қазақстан тарихы бойынша оқулықтарды құрастыру тапсырылған.

1921 ж. 25 сәуірінде ҚазКСР Орталық атқару комитеті Төтенше өкілетті комиссиясының бұйрығына сәйкес Ақмола губерниясы құрылған болатын. Бұл губерния өзіне Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және жартылай Қостанай мен Павлодар облыстарын, соған қоса Омбы облысының бөлігін біріктіріп, 520 маңы шаршы шақырымды құраған. Әкімшілік құрылыстың жаңа құрылымының негізінде болыстар пайда болды. Губернияның құрылуы кезеңінде 223 болыс болған. Болыстар негізінде Ақмола, Атбасар, Көкшетау және Петропавл уездері құрылды. Петропавл губернияның және уездің орталығы болды [14].

Әрине, оқу-ағарту ісі бойынша Ақмола губерниясының орталығы Петропавлда орналасқан Халыққа білім берудің губерниялық бөлімі (ХББГубБ) маңызды рөл атқарды. К.М. Муқановтың монографиясында 1919–1921 жж. аралығындағы Петропавлдағы Халыққа білім берудің уездік бөлімнің және 1921–1928 жж. Халыққа білім берудің губерниялық бөлімінің жетекшілері қарастырылған [15; 17]. Атап өту қажет, 1920–1930 жж. аралығында Ақмола ХББГубБ-не қарасты бірнеше техникумдар, соның ішінде 2 педагогикалық бағыттағы техникум болған: 1922 ж. қарашада ашылған қазақ техникумы және орыс техникумы [16; 60].

XX ғ. 20-жылдарында Ақмола ХББГубБ-нің меңгерушісі ретінде сауатты және жауапты тұлғалар тағайындалып отырған, олардың қатарында Х. Болғанбаев, Т. Темирбеков, А. Сейдалиндер бар. 1924 жылы бөлімнің меңгерушісі, соңынан меңгерушінің орынбасары ретінде Хайретдин Болғанбаев қызмет атқарды. ХББГубБ меңгерушісі Х. Болғанбаев өзінің бірбеткейлігімен және білімділігімен ерекшеленген. Мұның дәлелі ретінде оның оқу-ағарту ісінің маңызды мәселесі — әдістемелік нұсқаулар туралы Мәскеуге берген сұраныс хатын атап көрсетуге болады. Бұл құжатта *«Акмолинское Губоно просит не отказать выслать программы занятий и, если имеются, методические руководства, для производственных и учебно-показательных мастерских при детских домах, колониях дефективных, домах несовершеннолетних преступников»* [17] деп көрсетілген. Сонымен бірге, Х. Болғанбаев 1925 ж. 13 ақпандағы № 1459 «Педагогтардың «Пионер» журналына жазылуын ұйымдастыру жөніндегі» хатында мұғалімдерге аталған басылымды мектепке әкелуге ұсыныс білдірген.

Жалпы алғанда, Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік архивінің құжаттарына талдау жасаудың негізінде Ақмола ХББГубБ-де педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінің құрылғандығын көруімізге болады. Бөлімнің меңгерушілері қалыптасқан тенденцияларды ескере отырып, білім беру мәселесі бойынша кемшіліктерді жоюға тырысқан. Ведомствалық журналдар мен газеттерге жазылу орталықтандырылған сипатқа ие болды. Мысалы, педтехникумдарда алдыңғы қатардағы педагогтар бір немесе бірнеше мерзімді басылымдарға жазылған.

Сонымен бірге, халыққа білім беру жүйесінің менеджерлері Ақмола губерниясы кадрларының кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне көп көңіл бөлген. Бұл жөнінде архив құжаттарында *«Темирбеков — Болғанбаев — Садвокасов способствовала тому, что кадры из Акмолинской губернии смогли повысить свой профессиональный уровень в столице. Так, в Москву выезжали: Гусманов Ахмет-Уали (январь 1925 года), Акбердина Шарипа (февраль 1925 года)»* [17] деп көрсетілген.

Х. Болғанбаев ХББГубБ меңгерушісінің орынбасары қызметінен соң («Алаш» жетекшілерімен таныстығы және саяси эмиграция оның карьерасына кері ықпал еткен) Петропавл қаласындағы Қазпедтехникум және партмектепте мұғалімдік қызметін жалғастырады. Әрине, XX ғ. бірінші жартысындағы Ақмола губерниясы мен Петропавл қаласының тарихында прогрессивті педагогтар қызмет жасаған Қазпедтехникумы ерекше орынға ие.

Ақмола–Петропавл Қазпедтехникумы екі дайындық курстың негізінде 1922 ж. қарашада ашылды. 1923–1924 оқу жылында техникумда екі дайындық бөлімі және бір негізгі топ жұмыс жасаған. Ал, 1924–1925 оқу жылында Ақмола ХББГубБ ұсынысы бойынша құрамында 8 білім алушы болған негізгі топ арнайы пәндер бойынша қарқынды курстан өтіп, қазақ мұғалімдерінің жетіспеуіне

байланысты оқу жылының аяғына қарай мектептерге қызметке жіберілген. 1925-1926 жж. педтехникум 2 дайындық және 2 негізгі топтың шеңберінде жұмыс жасаған, сонымен бірге техникумда қазақ мұғалімдерін қайта даярлау үшін жылдық қайта білім алу курсы ұйымдастырылған [18].

Себебі, Қазақ АКСР Ақмола губерниясының подтехникумдары мектеп қызметкерлерін даярлауда маңызды рөл атқарды. Педтехникумның түлектері өздерінің ауылдарын қайта оралып, мұғалімдік қызметін атқарған. Мысалы, 1925 ж. «Мир труда» газетінде педтехникум түлектерін жұмысқа бөлу туралы *«Все окончившие петропавловские педтехникумы назначены на места. Из окончивших русский педтехникум двое едут в Акмолинское п-ОНО, семь человек в Атбасарское п-ОНО, четырнадцать в Петропавловское п-ОНО и девять человек остаются для работы в городских школах. Окончившие казахский педтехникум получили назначение в город Акмолинск — 2, Атбасар — 2, Кокчетав — 1 и Петропавловск — 3»* [19] деп атап көрсетілген.

1926-1927 оқу жылындағы Петропавл педтехникумының оқу жоспарына сәйкес Х. Болғанбаев «Экономикалық география» (жалпы сағат саны — 2) пәні бойынша және дайындық тобында «Орыс тілі» пәнінен (жалпы сағат саны — 4) сабақ берген [19]. 1926 ж. қараша айындағы педтехникумның сабақ ведомостына сәйкес Х. Болғанбаев «Экономикалық география» пәні бойынша бір айдың ішінде 24 сабақ беруі тиіс болған, соның 20 сағатын жүргізген (ведомоста 4 сағат белгісіз себептерге байланысты жүргізілген жоқ деп көрсетілген) [18].

Қазпедтехникумының 1927-1928 оқу жылындағы есебіне сәйкес Х. Болғанбаев «Экономикалық география» және «Қоғамтану» пәндері бойынша жылына 168 сабақ жүргізуі керек болған [20]. Атап өту қажет, аталған есепке сәйкес педтехникумда мұғалімдердің өздеріне жүктелген пәндерді көп жағдайда өткізбегендігін анықтадық. Есепте қоғамдық пәндер бойынша 12 мұғалімнің ауысып, сабақтарын жүргізбегендігі көрсетілген. Бірақ, Х. Болғанбаев, 1927-1928 оқу жылында басқа мұғалімдерге қарағанда өзінің пәндерін жүргізіп отырған. Мұның дәлелі ретінде есепте *«...из них в течении всего года занимались только Болғанбаев и Калдыгарин, не говоря о тех преподавателях, которые дав обещание преподавать тот или другой предмет, не начали его»* [20] деп көрсетілген. Мұнан біз Х. Болғанбаевтың оқу-ағарту ісіне, соның ішінде білім алушыларға сабақ беруге үлкен жауапкершілікпен қарағанын көре аламыз.

Осылайша, XX ғ. 20 жылдарының ортасына қарай Петропавлда оқу-ағарту саласында қызмет атқарған мықты кадрлар қызмет жасады. Мектеп мұғалімдері мен кәсіби-техникалық оқу орындарының қызметкерлері білім берумен қатар публицистикамен шұғылданып, газет беттерінде өздерінің жарияланымдарын шығарып отырған. Мысалы, «Бостандық туы» және «Мир труда» газеттерінде Б. Ержанов, Б. Айбасов, С. Айтхожин, Б. Серкебаев, Х. Болғанбаевтың мақалалары жиі басылып шыққан.

Әрине, ұлттық білім беру жүйесі өзінің даму жолында үлкен қайшылықтарға тап болды. Азамат соғысы, эмиграция, әлеуметтік-таптық принцип бойынша қудалау, XX ғ. 30-жылдарындағы заңсыз сталиндік қуғын-сүргін оқу-ағарту саласында қызмет атқарып жүрген мыңдаған жеке тұлғалардың қызметіне кері ықпалын тигізді. Х. Болғанбаев сол Петропавлда жүргенде жалған айыппен ұсталып, 1930-1934 жж. аралығында, бес жыл айдауда болады. Бұл жөнінде Мәмбет Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» еңбегінде «ОГПУ коллегиясының 1930 жылғы 4 сәуірдегі қаулысымен 44 адамның 13-і (А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Есболов, Х. Ғаббасов, Д. Әділов, Ж. Аймауытов, Ғ. Бірімжанов, А.С. Жүсіпов, М. Кеншімов, Б. Тоқманбаев, Б. Әбдікеев, П. Әбдікеев, Ә. Байділдин) ең жоғарғы жаза — атуға бұйырылды, ал 15 адам (Х. Болғанбаев, А. Байтасов, К. Жаленов, Д. Кенжымбаев, Т. Мұратов, А. Ыбыраев, Н. Қарабаев, А. Байдуллаев, М. Арғымбаев, А. Алин, А. Бектұрсынов, Е. Майлиев, А. Тұрысбеков, К. Мұқанов, Т. Құлмұратов) үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге абақтыға жабылатын болды» [21: 390] деп көрсетеді.

Кейін келе, Хайретдин Болғанбаевтың оқу-ағарту саласындағы қызметі 1934-1937 жж. аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы Келес ауданына қарасты Қапланбек совхозындағы зооветтехникумында оқытушылық бағытта жалғасын табады.

Қорытынды

Х. Болғанбаевтың Петропавл қаласындағы оқу-ағартушылық өмірі мен қызметі халықтың рухани дамуына, оның ағарту ісіне, халықтың ұлттық мәртебесі мен өзін-өзі тануына, түсінуіне тарихы мен бай дәстүрін сақтап қалуға бағытталды. Ол қазақ халқының тарихи-мәдени, ғылыми өмірінде өзіндік із қалдырды, елімізде халық ағарту ісін қалыптастыруға атсалысты.

Х. Болғанбаевтың А. Байтұрсыновтың жетекшілігімен білім беру саласын ұйымдастырып, ағартушылық ісін дамытты. Ақмола губерниясының халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі және меңгеруші орынбасары ретінде қызметінде ол оқу-ағарту ісінің күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелерін жетік білген. Сонымен қатар, ол Ақмола губерниясындағы Қазақ педагогикалық техникумда сабақ беріп, республика үшін педагог кадрларды даярлау барысында зор еңбек етті. Петропавлдағы Қазпедтехникумының негізін қалаушылары мен оқытушы құрамының арқасында Ақмола губерниясы ауылдық мұғалімдерге тапшы болған жоқ. Оның оқу-ағарту саласындағы қиыншылықтарға қарамастан қазақ балаларын барынша оқуға тартып, сауатсыздықты жою жолындағы күресі зая кетпеді. Ол мұғалім мамандарының санының артуында, ағарту ісін жалпы халықтық мәнге айналуда ерекше көзге түсті. Осылайша, Х. Болғанбаев қазақ мемлекеттігінің дәстүрін жалғастырған Алаш қозғалысының белсенді мүшесі, халықаралық деңгейдегі қайраткер, ұлттық журналистика мен баспасөздің іргетасын қалаушылардың бірі, ұлттық оқу-ағарту ісіне де өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлға.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Атабаев Қ.М. Мерзімді басылым XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы Қазақстан тарихының дерек көзі / Қ.М. Атабаев. — Алматы: Қазақ университеті, 1998. — 192 б.
- 2 Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі. — 20-қ. — 46-іс.
- 3 Камелов Д.Т. Хайретдин Болғанбаев — свет неугасимой звезды / Д.Т. Камелов. — Алматы: Дәуір, 2020. — 288 с.
- 4 Амандосов Т. Верныйдағы большевиктік тұңғыш қазақ газеті / Т. Амандосов. — Алматы: Қазмембас, 1959. — 36 б.
- 5 Кенжебаев Б. Қазақ совет баспасөзі тарихынан / Б. Кенжебаев, Т. Қожекеев. — Алматы: Қазмембас, 1962. — 176 б.
- 6 Имашев С. Совет ленинских идей / С. Имашев. — Алма-Ата: Казахстан, 1985. — 470 с.
- 7 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі / Х. Бекхожин. — Алматы: Мектеп, 1981. — 246 б.
- 8 Жакыпбек С.К. Из истории обучения казахской молодежи при царизме / С.К. Жакыпбек, З.Т. Садвакасова // Вестник КазГУ. Серия историческая. — 2000. — № 2. — С. 44–51.
- 9 Омаров Ә. Қазақстандағы ағарту ісі және патша өкіметінің отарлық саясаты / Ә. Омаров. — Алматы, 1997. — Республикалық баспа кабинеті. — 40 б.
- 10 Әбдіманов О. «Қазақ» газеті / О. Әбдіманов. — Алматы: Қазақстан, 1993. — 163 б.
- 11 Аллаберген К. Қазақ журналистикасының тарихы (1870–1995) / К. Аллаберген, Ш. Нұсқабайұлы, Ф. Оразай. — Алматы: Рауан, 1996. — 136 б.
- 12 Сембаев Ә.І. Қазақ совет мектебінің тарихы: оқу құралы / Ә.І. Сембаев. — Алматы: Мектеп, 1967. — 305 б.
- 13 Жанысбай Т. Ағарту халық комиссариаты қызметінің «Еңбекші(л) қазақ» беттерінде баяндалуы [Электрондық ресурс] / Т. Жанысбай. — Қолжетімділігі: <file:///C:/Users/123/Downloads/3942.pdf>
- 14 Образование Акмолинской губернии. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/calendar/show/27158>
- 15 Муканов К.М. Из истории народного образования Северо-Казахстанской области / К.М. Муканов. — Петропавловск: Северный Казахстан, 2015. — 168 с.
- 16 ГАСКО. — Ф. 2. — Оп. 1. — Д. 379. — Л. 60.
- 17 ГАСКО. — Ф. 2. — Оп. 1. — Д. 375. — Л. 12.
- 18 ГАСКО. — Ф. 2. — Оп. 1. — Д. 415. — Л. 48.
- 19 Павлович. Назначение на места окончивших петропавловские педтехникумы / Павлович // Мир труда. — 1925. — № 134.
- 20 ГАСКО. — Ф. 2. — Оп. 1. — Д. 493. — Л. 20.
- 21 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: монография. II-к. / М. Қойгелдиев. — Алматы: Мектеп. — 2017. — 656 б.

Н.Н. Елкей

Общественно-просветительская деятельность Хайретдина Болғанбаева в Петропавловске

Исследование роли личности в истории является одной из актуальных задач исторической науки. За изменениями в жизни отдельных социальных группах, общин, сословий, населенных пунктов и страны в целом всегда стоят идеи и поступки конкретных людей. Их социальная активность является

движущей силой большинства важных для общества процессов. Через призму их жизни и деятельности раскрываются эпизоды общего хода истории. К началу XX века на территории Казахстана сформировалась новая волна просветительского движения. Главной отличительной чертой их деятельности представляется связь задач просвещения с идеями национального пробуждения казахского народа. Просветители новой буржуазной формации выступали за национальное образование, а также за сохранение языка и культуры. В данной статье рассматривается общественно-просветительская деятельность одного из государственных деятелей, активного члена движения Алаш — Хайретдина Болғанбаева. Автор обращает внимание на просветительскую деятельность Х. Болғанбаева как заместителя губернского отдела народного образования в городе Петропавловске, преподавателя педтехникума и советской партийной школы. На основе проведенного анализа делается вывод о том, что общественно-просветительская деятельность Х. Болғанбаева в 20-е годы XX века в Петропавловск способствовала консолидации, объединению и самоидентификации казахского народа.

Ключевые слова: историческая личность, просветительская деятельность в начале XX века, Хайретдин Болғанбаев, история Казахстана, казахская интеллигенция, казахское общество, образование.

N.N. Yelkey

Public-educational activity of Khayretdin Bolganbaev in Petropavlovsk

The study of the role of personality in history is one of the topical tasks of historical science. Behind the changes in the life of a separate social group, community, estate, settlement and country as a whole are always the ideas and actions of specific people. Their social activity is the engine of most important processes for society. Through the prism of their lives and activities, episodes of the general course of history are revealed. By the beginning of the twentieth century a new wave of enlightenment movement was formed on the territory of Kazakhstan. The main distinctive feature of their activity is the connection of the tasks of enlightenment with the ideas of national awakening of the Kazakh people. Enlighteners of the new bourgeois formation advocated national education, for the preservation of language and culture. In this connection, this article examines the public-educational activity of one of the statesman, an active member of the Alash movement, namely Khayretdin Bolganbaev. The author draws attention to the educational activities of Bolganbaev as a deputy of the provincial department of public education in the Petropavlovsk city, a teacher of a pedagogical college and a Soviet party school. It is concluded that the public-educational activity of Kh. Bolganbaev in the 20s of the twentieth century contributed to the consolidation, unification and self-identification of the Kazakh people.

Keywords: historical personality, educational activity in the beginning of XX century, Khayretdin Bolganbaev, history of Kazakhstan, Kazakh intelligentsia, Kazakh society, education.

References

- 1 Atabaev, Q.M. (1998). *Merzimdi basylym XIX g. aiagy men XX g. basyndagy Qazaqstan tarikhynyn derek kozi* [Periodical publication. Source of information on the history of Kazakhstan in the late 19th and early 20th centuries]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 2 *Shymkent qalalyq saiasi qugyn-surgin qurbandary muzeii* [Shymkent City Museum of Victims of Political Repression]. — 20-q. — 46-is [in Kazakh].
- 3 Kamelov, D.T. (2020). *Khairtdin Bolganbaev — svet neugasimoi zvezdy* [Khairtdin Bolganbayev — the light of an unquenchable star]. Almaty: Daur [in Russian].
- 4 Amandosov, T. (1959). *Vernyidagy bolsheviktik tungysh qazaq gazeti* [The first Bolshevik Kazakh newspaper in Verny]. Almaty: Kazmembas [in Kazakh].
- 5 Kenzhebaev, B. & Kozhekeev, T. (1962). *Qazaq sovet baspasozı tarikhynan* [From the history of the Kazakh Soviet press]. Almaty: Kazmembas [in Kazakh].
- 6 Imashev, S. (1985). *Sovet leninskikh idei* [Council of Leninist Ideas]. Alma-Ata: Kazakhstan [in Russian].
- 7 Bekkhozhin, Kh. (1981). *Qazaq baspasozı tarikhynyn ocherki* [Essay on the history of the Kazakh press]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 8 Zhaqypbek, S.K. & Sadvakasova, Z.T. (2000). Iz istorii obucheniia kazakhskoi molodezhi pri tsarizme [From the history of the education of Kazakh youth under tsarism]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo universiteta. Seriya istoricheskaya — Bulletin of the Kazakh National University. Historical series*, 2, 44–51 [in Russian].
- 9 Omarov, A. (1997). *Qazaqstandagy agartu isi zhane patsha okimetinin otarlyq saiasaty* [Enlightenment in Kazakhstan and the colonial policy of the tsarist government]. Almaty: Respublikalyq baspa kabineti [in Kazakh].
- 10 Abdimanov, O. (1993). «Qazaq» gazeti [“Kazakh” newspaper]. Almaty: Qazaqstan [in Kazakh].
- 11 Allabergen, K., Nusqabaiuly, Sh., & Orazai, F. (1996). *Qazaq zhurnalistikasynyn tarikhy (1870–1995)* [History of Kazakh journalism (1870–1995)]. Almaty: Rauan [in Kazakh].

- 12 Sembayev, A.I. (1967). *Qazaq sovet mektebinin tarikhı: oqu quraly* [History of the Kazakh Soviet School: textbook]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 13 Zhanysbai, T. Agartu khalyq komissariaty qyzmetinin «Enbekshi(l) qazaq» betterinde baiandaluy [Description of the activities of the People's Commissariat of Enlightenment in the pages of "Working Kazakh"]. Users. Retrieved from <file:///C:/Users/123/Downloads/3942.pdf> [in Kazakh].
- 14 Obrazovanie Akmolinskoi gubernii [Education of Akmola province]. <https://e-history.kz>. Retrieved from <https://e-history.kz/ru/calendar/show/27158> [in Russian].
- 15 Mukanov, K.M. (2015). *Iz istorii narodnogo obrazovaniia Severo-Kazakhstanskoi oblasti* [From the history of the national education of the Severo-Kazakhstan region]. Petropavlovsk: Severnyi Kazakhstan [in Russian].
- 16 GASKO [State Archives of the North Kazakhstan Region]. — F. 2. — Op. 1. — D. 379. — L. 60 [in Russian].
- 17 GASKO [State Archives of the North Kazakhstan Region]. — F. 2. — Op. 1. — D. 375. — L. 12 [in Russian].
- 18 GASKO [State Archives of the North Kazakhstan Region]. — F. 2. — Op. 1. — D. 415. — L. 48 [in Russian].
- 19 Pavlovich. (1925). Naznachenie na mesta okonchivshikh petropavlovskie pedtekhnikumy [Appointment to the place of graduates of Petropavlovsk pedtechnics]. *Mir truda — The world of work*, 134 [in Russian].
- 20 GASKO [State Archives of the North Kazakhstan Region]. — F. 2. — Op. 1. — D. 493. — L. 20 [in Russian].
- 21 Koigeldiev, M. (2017). *Alash qozgalysy. Monografiia* [Alash movement. Monograph]. II-kitap — Book II. Almaty: Mektep [in Kazakh].

Автор туралы мәліметтер

Елкей Нұрлыбек — PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-2504-3587>

Information about the author

Yelkey Nurlybek — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-2504-3587>